

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуірінде сананы жаңғырта отырып, ұлттық бірегейлікті сақтап, экономикасы дамыған 30 елдің қатарына қосылу жолындағы нақты қадамдар айқындалған маңызды құжат.

Тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртуға бағытталған кең көлемді жұмыстар елімізбен қатар, біздің өңірде де қарқын алды.

Елімізде "Рухани жаңғыру" бағдарламасы бойынша 16 республикалық жоба табысты жүзеге асырылып жатыр.

Өткен жазда, атап айтар болсақ, 10-маусымда оқушыларға Қазақстанның киелі нысандарын аралатуға арналған республикалық өлкетану акциясы басталды.

Қазақстанның рухани құндылықтары немерсе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы шеңберінде Республиканың және облыстың киелі жерлеріне барлығы 14 мыңнан астам оқушы барып қайтты.

Атап айтсақ, Алматы, Түркістан, Қызылорда, Маңғыстау облысына 5606 оқушы және Ақтөбе облысының киелі жерлеріне енген мекендерге (Хан моласы, Қобыланды батыр кесенесі, Әлия ауылы, Абатбайтақ кесенесі, Есет батыр кесені, Ақбота–Сәңкібай кесенесі) алты мыңнан астам оқушыға экскурсия ұйымдастырылды. Бұған қоса, Ырғыз

ауданында орналасқан Ырғыз-Торғай республикалық резерватына облыстың 107 оқушысына төрт күндік саяхат ұйымдастырылды. Саяхаттың мақсаты – киелі жерлер мен көрікті орындарды таныстыру арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту, туған жер мен елге деген құрмет сезімін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі жариялаған «Қазақстанның киелі объектілеріне туристік саяхат» тақырыбындағы республикалық өлкетану акциясын қолдау бағытында «Құтты мекен – Ақтөбе» туристік маршрут жобасы дайындалды.

Тамыз айында Қарағанды облысынан 60 оқушы, алты жетекші Ақтөбе облысының Қобда, Алға аудандарындағы мәдени-тарихи орындарды тамашаласа, шілде айында облысымыздың 64 оқушысы Қарағанды облысына экскурсияға барды. Онда Теміртау, Шахтинск және Қарқаралы ауданының киелі жерлерін өз көздерімен көріп, тарихтан сыр шертетін көптеген ғимараттарды аралап, өлкенің өткенімен танысты.



Гүлназ СҮЛЕЙМЕНОВА

Сонымен қатар «Менің Отаным-Қазақстан» туристік өлкетану экспедициялық жасақтарының облыстық слеты ұйымдастырылып, облыстық кезең жеңімпаздары Ақмола облысында өтетін форумға барса, «Табиғатты аяла» жасөлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының облыстық кезеңі қалалық жас натуралистер станциясында ұйымдастырылып, жеңімпаз 9 оқушы ағымдағы жылы Ақтау қаласында өткен республикалық форумға қатысты.


"Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласында мемлекет басшысы: "Білім беру, экология және абаттандыру саласында елеулі өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру, өңірлік тарихты зерделеу, мәдени-тарихи ескерткіштер мен жергілікті ауқымдағы мәдени нысандарды қалпына келтіру қажет. Мысалы, патриотизмнің ең жақсы ныса-

ны – бұл орта мектептерде туған өлкенің тарихын зерттеу» деп көрсеткен болатын. Осы бағытта 5-7 сыныптарға арналған қазақ және орыс тілдеріндегі «Өлкетану. Ақтөбе облысы» оқулығы дайындалды. Оқулық 5-7 сынып оқушыларына «Өлкетану» оқу бағдарламасы курсы бойынша жаңартылған мазмұндағы негізгі орта білім беру деңгейінде баяндалған оқу мақсаттарына сәйкес келеді. Оқу жылының алдында оқулық авторлары облыс мұғалімдеріне «Өлкетану» оқулығын таныстырды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Өлкетану» оқулығының жобасымен қатар, Ақтөбе облысының тарихи орындары мен тарихи ескерткіштері туралы түсінік беруге бағытталған электронды танымдық карта-нұсқаулық әзірленді.

Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласы Ақтөбе облысының дамуына серпін беріп, қоғам талабымен үйлесім тауып отыр. Облыс әкімі Б.Сапарбаевтың бастамасымен 2018 жылдың «Бақытты бала жылы» деп жариялануы соның жарқын көрінісі.

Жоба аясында Ақтөбеде алғаш рет «KIDS CINEMA WORLD» балалар киносының фестиваль – байқауы ұйымдастырылды. Фестивальға арнайы шақырылған «Нысана» театрының директоры, актер Абду-



насыр Серіков, актёр Жан Байжанбаев, режиссёр Марат Телеуов, Асқар Бисембин, вайнер Нагима Ахметова қазылық етті. Сондай-ақ байқау аясында шақырылған қонақтар «Продюссерлік және актерлік шеберлік», «Режиссура», «Блоггинг» бойынша шеберлік кластарын өткізіп, нәтижесінде жүзден астам балаға сертификаттар табысталды. Фестивальға бес бағыт бойынша 95 бала қатысуға өтінім білдіріп, 31-і жүлделі орынды иеленді.

Сонымен қатар

«Бақытты балалық шақ» облыстық фестиваліне 3500 бала қатысып, 562 бала финалға өтіп, 65-і жеңімпаз атанды. Жеңімпаздарды марапаттаудың жүлде қоры 5 миллион теңгені құрады. Фестивальдің мақсаты – бұған дейін өнерімен ешбір жерде танылмаған, танытуға мүмкіндігі де болмаған талантты балаларды үлкен сахнаға шығару.

«Бақытты бала» жобасы барысында дарынды жерлестерімізді, өнер иелерін Ақтөбе жеріне шақырып, шеберлік кластары ұйымдастырылды. Ноғай суретшісі Әлібек Койлакаевтың жетекшілігімен 300-ден астам балаға, Римский – Корсаков атындағы Санкт – Петербург мемлекеттік консерваториясының түлегі, белгілі





скрипкашы Жанна Амандықтың қатысуымен 150 балаға шеберлік кластары өтті. Сонымен қатар А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыка мектебінің оқытушылары Тасмұхан, Айнұр, Әйгерім Исеновтер 70 балаға скрипка, фортепиано, үрмелі аспаптар бойынша екі күндік шеберлік класын өткізді. Аталмыш бастама жалғасын табатын болады.

Облыста мәнерлеп оқу, сурет, көрме байқаулары өткізіліп, жалпы орта білім беретін мектептерде «Кітап – білім бұлағы», «Жақсы кітап – жан азығы», Буккроссинг

акциялары ұйымдастырылуда. Облыс көлемінде «Сиқырлар техникасы», Робофутбол, Астананың 20 жылдығына орай «Салем-саған Астана» тақырыбында 1 маусым күні «Балалар мен жастар музыкалық оркестрлері және ансамбльдердің» шеруі, Абай оқулары, мамыр айында жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында «Алтын қазына» республикалық көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығы көрме-байқаулары ауқымды түрде өтті.

1 қыркүйек білім күні «Рухани құндылық- адам жанының алтын

арқауы», «Рухани жаңғыру – ұлттың ұлы мұраты», «Ұрпаққа берген ұлағатты тәрбие – мәңгілік елдің кепілі» тақырыптары бойынша ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

2018-2019 оқу жылынан бастап «Сананың жаңғыруы рухани толысудан басталады», «Жаңа бағыт – жаңа мүмкіндіктерге жол», Әйтеке би ауданында облыстық «Рухани жаңғыру өскелең ұрпақ пен мәртебелі педагогтың дара жолы» қосымша білім беру педагогтарының семинары, «Жасұлан» әскери-спорттық ойыны, «Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығының көрмесі, «Үздік мектеп мұражайы», «Ұлы өнертапқыштарға алғашқы қадам», «Ақшағала» облыстық би байқауы, «Менің кіші Отаным» жоба байқауы өтті.

Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Білім мен тәрбиесі үндесіп, табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиіспіз.

Ең бастысы – бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз жарқын.

Гүлназ СҮЛЕЙМЕНОВА,
Ақтөбе облысының білім
басқармасы басшысының
орынбасары



АННОТАЦИЯ ○

Автор статьи Гульназ Сүлейменова рассказывает о проделанной в рамках программы «Рухани жаңғыру» работе с участием учеников региона. В области проводится целый комплекс мероприятий, каждый из которых направлен на воспитание у подрастающего поколения духовных ценностей, укрепление связи с родной землей, приобщение к истории государства.